

Байқоңыров Ө.А-ҚР түсті металлургиясының инженер- металлургі.



- Ө.А. Байқоңыров 1912 жылы 14 қыркүйекте Жезқазған облысының, Ұлытау ауданының Сәмке ауылында жұмысшы отбасында дүниеге келген. Еңбек жолын 1927 жылы Қарсақпай мыс қорыту зауытында (КСРО түсті металлургиясының алғашқысы) ағаш ұстасының шәкірті болып бастады. Фабрикалық-зауыттық училищені «бұрғылау шебері» мамандығы бойынша 1932 жылы аяқтағаннан соң, Жезқазған, Жезді және Қорғасынды кен орындарының геологиялық барлау жұмыстарына белсене қатысты.



- Қарсақпай комбинатының геологиялық басқармасында аға коллектор болып жұмыс жасай жүріп, Ө.А. Байқоңыров ҚазССР ҒА президенті Қ.И. Сәтбаевпен жақын танысты. Осы көрнекті ғалыммен кездесу Ө.А. Байқоңыровтың өмірлік және шығармашылық жолын таңдауға үлкен әсер етті. Қ.И. Сәтбаев оны Қазақ тау кен-металлургия институтының (қазіргі Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті) дайындық курсына оқуға жіберді. 1940 жылы «Пайдалы қазбалар кен орындарын әзірлеу» мамандығы бойынша тау кен факультетін бітіріп шықты.



- Институтты бітірген соң Ө.А. Байқоңыров туған жері Жезқазғанға оралады, сол жерде ауысым басшысынан шахта басқармасының басшысына дейін көтеріледі. Жас кенші инженердің еңбек қызметінің бастауы Ұлы Отан соғысының ауыр жылдарына тұспа-тұс келеді.

- Майдан қажеттілігі үшін бай мыс кендерін қазып алу көлемін жылдам және аз шығынмен арттыру - бұл уақыт талабы еді. Еңбек пен ізденістің барынша қызу күндері мен ұйқысыз түндері басталды. Осы кезең туралы қазақтың көрнекті жазушысы Ғабиден Мұстафин өзінің «Жезқазған» деп аталатын очерктер жинағында былай деп жазды: «Тез арада өткен әңгімеден, мен Өмірханның бірнеше шахтаны басқаратынын, тәуліктің үлкен бөлігін осында жер астында өткізетінін білдім. Бұл жан-жақты білімді кісі екен. Ол тек өндіріс технологиясын өте 14 жақсы біліп қоймапты, сонымен қатар менімен әңгімелескен кезде заманауи қазақ әдебиеті саласында да керемет танымын танытты».



- Өмірхан Аймағамбетұлы Байқоныровтың Отанға жасаған зор қызметі, дүниежүзілік ғылымға және жоғары білімге қосқан үлкен үлесі үкімет және ведомстволар тарапынан марапатталып отырды. Ол Ленин орденімен, КСРО медальдарымен, ҚазССР Жоғарғы Кеңесі президиумының құрмет грамоталарымен, КСРО ХШЖК-нің алтын медалімен және 1 дәрежелі дипломымен, 1 дәрежелі «Шахтерская слава» белгісімен марапатталды, «ҚазССР жоғары мектебінің еңбек сіңірген қызметкері» және «Заслуженный изобретатель СССР» құрметті атақтары берілді.



- Шығармалары:
- Классификация и выбор методов подземной разработки месторождений, А.-А., 1969;
- Технология добычи руд с твердеющей закладкой, М., 1979 (соавт.);
- Методы контроля физико-технических параметров подземной разработки руд, А.-А., 1979;
- Комплексная механизация подземной разработки руд, М., 1981.

- Бүкіл өзінің талантын прогреске, тау-кен ғылымы мен өнеркәсібін дамытуға, жоғары білікті инженерлер мен ғылыми қызметкерлер дайындауға 27 жұмсаған көрнекті ғалымның, ағартушының, педагогтың, керемет кісінің өмірі мен қызметінен үлгі алып, ұқсап бағуға лайықты.
- [Қазақ кен-металлургия институтын](#) (1940, қазіргі Қазақ ұлттық техникалық университеті) бітірген.
- [Жезқазған](#) кен басқармасында әкімшілік қызметтер (1941–1952) атқарған.
- Қазақ кен-металлургия институтының (1952–1962) ректоры;
- 1960 жылдан [Қазақ политехникалық институты](#) ректоры
- [Қазақстан ғылым академиясының](#) академик-хатшысы және Кен ісі институтында зертхана меңгерушісі (1962–1964)
- Қазақ политехникалық институтында кафедра меңгерушісі (1965–1980) болды.